

Сценарий
литературно-музыкальной композиции
«В каждом сердце родная страна»

Оформление Портрет Г. Мусрепова, книжная выставка «Ювелир слова»

Жүргізуші 1: Қайырлы күн құрметті қонақтар, оқырмандар! Қасиетті Айыртау жеріне, тарихы терең, табиғаты көркем Арықбалық ауылына қош келдіңіздер! (слайд с названием мероприятия)

Ведущий: Добрый день, дорогие гости! Мы рады приветствовать Вас на священной Айыртауской земле в живописном селе Арықбалык.

Жүргізуші : Сәбит, Ғабит - айтулы ел мақтаны.

Ұрпақпен жалғастырар ерді ел таңы.

Халық барда батырлар туа берер,

Даналар аталардай келмек тағы!

Ұлылар мекені саналатын Қызылжар өңірінің мақтанышы ! Көркем сөз зергері, Қазақ Ғылым Академиясының Академигі, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсреповтің 110-жылдық мерей тойына арналған мерекелік шарамызды бастауға рұхсат етіңіздер!

Ведущий: Предлагаем Вашему вниманию театрализованную литературно – музыкальную композицию «В каждом сердце – родная страна», посвященную 110- летнему юбилею Ғабита Мусрепова.

(3 первых слайда с названием мероприятия)

Жүргізуші : Ғабит Мүсірепов — әдебиетіміздің биік тұлғасы, даңқ тұғырына көтерілген ұлы суреткер, ірі қоғам қайраткері. Қандай биік тұғырға көтерілгенімен өзінің туған жерімен, елімен тығыз байланыста болып, ешқашан есінен шығарған емес Ғабит өмірінің соңғы кезіне дейін туған жеріне, ардақты Қызылжарына, кіндік қаны тамған топырағы Елтіңжалға жиі келетін еді. Ғабит туған жерінің нулы орманы, саумалдай сапырылып жатқан күміс көлі, тіпті, шоқ-шок болып өскен көк талы да ыстық, қасиетті еді.

"Дүниеде, - дейді жазушының кейіпкерлерінің бірі, туған еліңнен артық ел де жоқ, жер де жоқ".

Кезінде Ғабеннің қалауымен бір ән жазылған. Ол әннің аты **ҚЫЗҚАРАҒАЙ**

Ученик ца наизусть

Ауылында бар Ағаның қызқарағай

Тал бойында бір мін жоқ қыз баладай. **(Ролик, Кыз Карагай)**

Ақ балтырлы ақ қайың арасында,
Жалғыз өсіп, асқақтап, тұр дарағай.
Ауылында бар Ағаның қызқарағай,
Қызығамыз көркіне біз баладай.
Аясынан жанына сая тауып,
Оған мәңгі ұл менен қыз қарағай..
Ауылында бар Ағаның қызқарағай,
Өтпес адам қасынан бір қарамай.
Ыстықта да, суықта өңін бермес,
Өзі ме екен Ағаның қызқарағай....

Ведущий: Имя писателя Габита Мусрепова стоит в одном ряду с выдающимися представителями казахской культуры — Мухтаром Ауэзовым, Беимбетом Майлиным, Сакеном Сейфуллиным, Ильясом Жансугуровым. Всем им присущ яркий талант, широта мировоззрения, высокая образованность и масштабность замыслов. В казахской литературе Г. Мусрепов занимает особое место, оставленное им огромное литературное наследие стало гордостью национальной литературы. **(слайды Портрет писателей) 110лет**

Ученик наизусть. Росные туманы и рассветы,
На лугах пахучая трава.
Здесь увидел свет Габит Мусрепов,
Здесь сказал он первые слова
Под высоким казахстанским небом, **(Ролик, туманы рассветы)**
Расцветают нежные цветы.
Человек живет не только хлебом.
Создал он и песни и мечты...
Говорят: живём не по приметам,
Ничего не приказать судьбе,
Но родиться мог Габит Мусрепов
Только здесь и более нигде!

Песня Туған жер Ролик природа СКО повтор

Жүргізуші : Сөз зергері Ғ.Мүсірепов жайлы алты алашқа аты ардақты Зейнолла Қабдолов: «Ғабит Мүсірепов – ардақты ат! Мүсірепов туралы мың сөзден «Мүсірепов» деген бір сөздің мағынасы әлдеқайда терең, мазмұны әлдеқайда бай. Демек, Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ, Мүсіреповпен мақтану керек» деген екен олай болса ұлы жазушының өмірі мен шығармашылығына тоқталып кетсек.

Слайд Г. Мусрепов, 3 литератур творчество

Ведущий: Габит Мусрепов родился 22 марта 1902 года в Пресногорьковском районе Кустанайской области, ныне Северо-Казахстанская область, Жамбылский район, аул Жанажол. Его наставником был известный учитель Бекет Отетлеулов, который неустанно повторял, что у талантливого человека должны быть высокие цели. В дальнейшем Габита не раз выручали советы и наставления любимого педагога.

Начиная с 30-х годов, Габит Мусрепов работает в Казахском государственном издательстве, Народном комиссариате просвещения, редактором газеты «Социалистик Казахстан», начальником управления по делам искусств при Совете Народных комиссаров Казахской ССР. В эти годы начинает писать. Первое произведение Мусрепова - повесть «В пучине», посвященная гражданской войне в Казахстане, вышла в свет в 1928 г. Она принесла Мусрепову признание и известность.

4 Видеоролик Габит Мусрепов шығармашылығы

Ученик наизусть Қадірлі Ғабе аға! 5 Ролик Қазақ арулары

Ақын жоқ әйел жанын жазып біткен,
Ашылмас биіктік пен жазықтық тең.
Қазақтың әйелдерін асқақтатып,
Аға, Сіз жырладыңыз нәзіктікпен.
Тындайтын сыңғырласа жұлдыз үнін,
Түсінген жапырақтың мұңды ызыңын.
Көк бұлттың көбесінен сәуле іздеген,
Халқымның мен-дағы ақын бір қызымын.
Қолыма қауырсындай қаруды алдым,
Қаймығар бұл майданға баруға әркім.
Мен сізге тағзым етіп, алғыс айтам,
Атынан Сіз жырлаған Арулардың **6 ролик аналар**

Жүргізуші:- Әйел, ана, арулар тақырыбына арналған Ғ. Мүсірепов шығармаларының ішіндегі ең көлемдісі де көрнектісі де «Ұлпан» романы. Роман –тарихи тақырыптағы шығарма, ал Ұлпан өзі тарихта шын болған адам, өз заманынан бұрын туып, арманда кеткен үлкен жанның бейнесі.

Ролик 8 Раиса и Улпан

В е д у щ и й (2) : Встреча Мусрепова и казахской кинозвезды Раисы Мухамедьяровой, большое светлое чувство, родившееся между ними, нашли отражение в романе «Улпан - ее имя». Все, кто читал этот роман, узнают в образе Улпан характер и внешность Раисы.

В е д у щ и й: Олар кездескен кезде араларындағы жас алшақтығы көзге ұрып тұрған еді. Жазушы алпыстың асқарынан асса, Раиса небәрі жиырма жас шамасында болатын. Ол болса атағы жер жарған белгілі жазушы, сыншылар сөзіммен айтқанда қазақтың Чеховы, Раиса өнер көкжиегінде жаңа туып келе жатқан жұлдыз Екеуінің де болашағы жарқын болатын.

В е д у щ и й (1) : Рая Мухамедьярова стала женой Мусрепова. Это была неземная любовь - говорят свидетели их счастья. Его мудрость и ее юность - на двоих, она дала ему новую точку опоры, он - умело лепил из нее идеальную женщину. И в романе «Улпан - ее имя» автор рассказывает о прекрасной истории любви между старым бием Есенеем и юной красавицей Улпан.

Сценка Ролик Қазақ қоғамы

Е с е н е й: «Улпанжан ... Туркмен-Мусреп мне сказал ... Передал твои слова ... Ты не из тех девушек, которых задешево можно купить. Я не знаю Чего ты хочешь? Скота? Сколько его есть в нашей степи, весь будет твой, только скажи ...»

У л п а н: «Меня нельзя продать, меня нельзя купить! Кому достанется скот, который пойдет в уплату за меня?»

Е с е н е й: «Я слушаю тебя, и не пойму ... Чего ты хочешь?»

У л п а н (з а д у м ч и в о) : «Я никогда не смогу стать обычной токал, не смирюсь с положением рабыни, которую муж любит, а она вынуждена довольствоваться объедками с дастархана его старшей жены ... А в какой из своих домов вы думаете меня привезти?»

Е с е н е й: «Как захочешь, Отау будет ждать тебя. А захочешь - останешься в моей большой юрте. Все зависит от тебя».

У л п а н (г о р д о) : «Н е т . Хочешь взять меня - вези в большую юрту, я буду сидеть, как сейчас, на почетном месте. Но скажи - привыкнут ли к этому глаза твоего младшего брата, смирится ли он с этим?»

Е с е н е й: «Привыкнут... Привыкнут в один день. Ты будешь байбише.»

У л п а н : «Н о ведь байбише у Есенея - есть ...»

Е с е н е й: «Байбише? Нет. Я живу в Ореле, а она в Сореле ... Если ты веришь, что я никогда не обману бога, поверь и тому - между нами дорога в семь лет».

У л п а н: «Есений ... Есений, там у тебя дорога в семь лет. А между тобой и мной - дорога в сорок лет. Ты подумал об этом?»

Е с е н е й : « Я подумал. Я не первый, кто берет девушку с такой разницей в годах. Ты не первая, на кого посмотрел мужчина моего возраста. Сорок лет? Я - Есений ... Я не знаю, почему я не уехал от вас ... Из Каршыгалы ... Красота, молодость. А самое главное - я увидел, кто может стать Есенеем после меня, в свои сорок лет. И еще при мне - вторым Есенеем. Всем, что у меня есть, будем распоряжаться вдвоем. Два Есенея, два хозяина. А садыров кос - твой. Делай с ним, что хочешь. По мне, лишь бы твои старики не нуждались. Ты знаешь, детей у меня нет, оставлять некому. Ты будешь для меня и сыном, и дочерью, и женой, и возлюбленной. Если ты солнцем взойдешь над моим домом, у меня больше не будет к богу никаких просьб. Садись ближе. Положи голову - вот сюда (Указывает на плечо)».

Ведущий :

В своем дневнике Мусрепов писал: «Моя Джоконда — это Улпан». Этот женский образ он проносит через свое творчество. Именно о такой женщине — гордой, самодостаточной, способной без раздумья в минуты

необходимости взять на себя бремя мужских забот и в то же время преданной семейному очагу — он тосковал всю жизнь. Могила легендарной Улпан находится рядом с захоронением деда Габита Мусрепа, который был близким другом ее мужа Есенея.

(Песня мен Казак қыздарына қайран қалам) 9 ролик Мен қазақ қыздарына қайран қалам

Жүргізуші: -Ғабәң қазақ драматургиясында өзіндік қолтаңбасымен дараланған үлкен драматург. Қазақ эпостарынан інжу-маржандарынан бүгінгі күнге, қазақ халқына, жас ұрпаққа үш арудың бейнесін қалдырды. Олар – Баян сұлу, Ақтоқты және Қыз Жібек “Махаббат туралы дастан”, “Қыз Жібек” фильмдері қазақ кино өнерінің алтын қорынан орын алған туындылар. Ұлы жазушы Қыз Жібек арқылы қазақтың бостандығын, еркіндігін, сұлулығын, және ақсүйектікті сахнаға да, экранға да шығарып кетті. Осы дүниелерді драматургияға алып келіп, Шекспир драматургиясының деңгейіне көтеру тек Ғабәңнің қолынан келді **слайды Ақтоқты, Баян сулу, Қыз Жібек**

Ведущий : В 1934 году он написал свою повесть «Кыз жибек», а затем и либретто оперы. Новая музыкальная драма с момента первых постановок заслужила широкое внимание общественности. **Ролик Қыз Жибек**

(сценка Қыз Жибек) (Фонограмма аттың дүрсілдеп шапқаны балалардың сүйінші сұрап айқайлағаны)

(Сахнаға Қыз Жібек қыздармен «Гәкку» әнімен кіреді

«Гәкку» әні 10 Ролик Қыз Жібек

(Тағыда аттың шапқаны адамдардың таңқала сөйлегендері **Апырау, мынаның жүрісі суыт, жақсылық болса ылай, Бекежан ба мынау, не болды екен** деген сөздер фонограмма арқылы)

Жібек -Бекежан аға, жай келмеген боларсыз, айтыңыз?

Бекежан-Айтамын айт дегеннен арма Жібек,

Ботасы өлген түйедей , зарла Жібек.

Хабарын Төлегенің алып келдім,

Айтайын құлақ салып тыңда, Жібек

-Жол тосып Қособада жатып алдым,

Біреуді мергендікпен атып алдым.

Өзім батыр болған соң кімді аяйын

Өлтіріп Төлегенді атын алдым

Жібек-Атаңа лағнет, Бекежан!

Көрсетпе маған түсінді,

Бітіріпсің ісінді

Қайтып көзің киды екен ,

Өлтіруге, құдая,

Сол сықылды мүсінді

Алдыңа құдай келтірсін

Маған қылған осыңды.

Атаңа лағнет қарақшы

Құдайым сені қарғасын

Тәңірі мені жаратса,

Қатын балаң зарласын,

Басыңа қиын іс түссе

Қасыңа досың бармасын

Тумай кеткір алты аға

Осы жерде бармысың? - ағалары жүгіріп шығады

Жібек - Қарақшының жазасын, беруді сендерге тапсырдым, ағалар - ағалары келіп Бекежанды байлап алып ктеді.

Жібек –Өлгені Төлегеннің рас болса, Құдайым Қыз Жібекті неге алмайды? – Жылқының кісінегені Жібек, Ақбозат деп жылағаны күйі шығып кетеді.

Жүргізуші:- Маржан сөздің зергері Ғабит Махмұтұлы Мүсрепов түнде де жарқырайтын жақұттай жаухар шығармаларымен ғана емес, ұлт үшін жасаған ұлы ерлігімен де ел сүйіспеншілігіне бөленгені бәрімізге белгілі соның біріншісі 11. **Ролик Голодомор**

Ведущий: В начале 30-х годов страшный джунг охватил всю республику. Не хватало продовольствия, люди голодали, умирали от истощения. Особенно отразился джунг на казахском народе. Целые аулы вымирали,

покойники неделями лежали под открытым небом, хоронить их было некому. Это до глубины души возмущало и волновало писателя Мусрепова и он взялся за дело. Вместе со своими четверьмя братьями по творчеству написал письмо Сталину, рассказав о массовой гибели людей, прося помощи. Под названием «Письмо пяти» оно было обнародовано лишь в наши дни. В то время на подобное осмелился бы не каждый.

Жүргізуші:- 1937-1938 жылдарда қара дауылдай соғып тұрған сталиндік репрессия қазақ халқының ең білімді, ең саналы зиялыларын баудай түсірді: қазақ әдебиетінің негізін қалауға ат салысқан С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров т.б. бастаған ақын жазушылар нақақ жаланың құрбаны болды. Жалған айып тағылып, өлім жазасына ұшыраған көрнекті ақын, жазушылардың қырлып кетуі қазақ мәдениетін орны толмас шығысыға душар етті. Дәл осы кезде өз басына қауіп-қатер төніп тұрғанына қарамастан, азаматтық келбетін жоғалтпай, адал бағытынан таймағандардың бірі- Габит Мүсірепов еді. Оның жазушы Бейімбет Майлинді қаралаушылар дүрмегіне қосылмай, «Бейімбет халық жауы болса, мен де халық жауымын», деп сөйлегені бүкіл елге мәлім болған.

Слайд Б Майлин и писатели 110 лет

Ведущий : Сын XX века Габит Мусрепов пережил все трудности своего времени и эпохи. Но он всегда оставался самим собой. Его не смогли сломить никакие тяжелые испытания. Это только он, Габит Мусрепов, смог открыто выступить против и бросить в лицо тоталитаризма смелые слова: "Если Беймбет враг, то я тоже враг". За одни только эти слова, полные доблести и величия, многие последующие поколения казахского народа с благодарностью будут чтить память писателя как настоящего героя и гражданина, говоря: "Да святится в веках имя твое!"

Ученик в образе Габита. Үмітпен, күреспен, сеніммен өткізген ұзақ ғұмырымды қорыта қарасам, қуанышым да ренішім де мол екен. Жас қазақ мемлекетінің биік туы менің көз алдымда көтерілді. Бүгінде күллі әлем назары ауған іргелі елге айналдық. Бірақ әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда ұлт ұлы боп есептелмейтінін ұмытпайықшы. Жан сүйінтер бірлік жоқ жерде саналы тірлік те жоқ. Үлкен өнердің үлкен, таза мінезі болуы керек. Өзім іргетасын қаласқан қазақтың ата буын әдебиетінің атынан мені соңғы сапарға шығарып саларда осы ақтық тілегімді еске алыңдаршы.

Слайды Габита Мусрепова

Ученик наизусть : Саған сәлем кең далаңнан –жанарынан жас тамған,
Саған сәлем жас буыннан жазылмаған дастаннан.
Қай кезде де туған елге деген ұлы махаббат,
Өз ұлтының даналарын қадірлеуден басталған.
Ғасырына қуат қосқан даңқыңды ешкім бөгемес,
Қазақтың сөз өнерінен бой көтерген Эверест.
Қадірлім-ау, ескерткіш қып сенің ұлы тұлғаңа
Көк тіреген Алатаудың өзін қойса көп емес.

Слайды памятники

Жүргізуші : «Халқымыздың өткен ғасырда бастан кешкен сан қилы күрделі тағдыры Мүсіреповтің құдыретті қаламы арқылы өзінің көркемдік бейнесін тапты. Оның әдебиеттегі зор еңбегі көзі тірісінде өзінің жоғарғы бағасын алды» -деп ұлы жазушының ерен еңбегіне еліміздің Президенті Н.Назарбаев зор баға берген болатын Үш мәрте Ленин, екі мәрте Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы ордендерімен,көптеген медальдармен ды.

Ведущий : Литературные заслуги Габита Мусрепова отмечены высокими государственными наградами .

В 2002 году к столетию писателя в Алма-Ате установлен бронзовый памятник на проспекте Аблай-хана перед зданием ТЮЗа им. Г. Мусрепова.К столетию писателя выпущены- почтовая марка и памятная монета. От проспекта Абая вверх к Выставке проложен бульвар Мусрепова.

В Петропавловске есть улица и школа им. Г. Мусрепова, его имя носит район, и детско-юношеская библиотека в областном центре, где установлен бюст нашего земляка В его честь был назван теплоход «Габит Мусрепов». В эти дни мы низко кланяемся духу великого писателя, всему казахскому народу, давшему жизнь такому сыну, как Габит Мусрепов.

Песня Жаса Қазақстан Ролик о достижении Казахстана

Жүргізуші : Габит Мүсіреповтің соңына қалдырған мол әдеби мұрасы, терең ойлы, ғұламалық сөздері Тәулсіз Қазақ елімен бірге жасап, өркениет биігіне ұмтылған халқымыздың игіліне қызмет ете бермек деген сөзбен кешімізді аяқтамақпыз Көріскенше күн жақсы болсын.